

БЕКІТЕМІН

«№5 жалпы білім беретін мектебі» КММ
директоры

Р.О.Капарова



«№5 жалпы білім беретін мектебі» КММ 2021-2022 оқу жылына
арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша жоспары

№	Іс-шаралар	Өтілетін мерзімі	Өтілу түрі	Жауаптылар
1	Сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды болдырмау мақсатында бұйрық шығару	Қыркүйек	Бұйрық	Мектеп директоры Р.О. Капарова
2	Педагог қызметкерлерін Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясымен таныстыру Сыбайлас жемқорлықтың алғышарттары мен алдын алу шаралары бойынша түсіндірме жұмыс	Қыркүйек	Дөңгелек үстел	Мектеп директоры Р.О.Капарова
3	«Адал Ұрпақ» адалдық клубының жоспарын құру, бекіту	Қыркүйек	Жоспар Таныстырылым	Аға тәлімгер Ибрагим А.Е.
4	Сыбайлас жемқорлық – қоғамның өзекті мәселесі	Қыркүйек	Сынып жетекшілердің отырысы	Директордың ТІЖ орынбасары Э.Қ.Сайдалина
5	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдылықтарды түсіндіру бойынша ата-аналармен кездесу	Қазан	Ата-аналар жиналысы	Директордың ТІЖ орынбасары Э.Қ.Сайдалина
6	Сыбайлас жемқорлық болдырмаудың алдын алу жолдары	Қаңтар	Мектеп басшысы жанындағы кеңес	Мектеп директоры Р.О.Капарова

7	Сыбайлас жемқорлықпен күрес-бүгінгі күндегі басты мәселе	Ақпан	Дебат	«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы
8	«Сенім телефоны» қызметін, жеке және заңды тұлғалардың хаттары мен өтініштері жәшігінің жұмысын орналастыру және қадағалау	үнемі	Түсіндірме	Директордың ТЖ орынбасары Э.К. Сайдалина
9	Балалардың жазғы демалысын және тегін тамақтандыруды ұсыныс бойынша жұмыс ұйымдастыру	Жыл бойына	Ақпарат	Әлеуметтік педагог Байкенжина А.С
10	«Жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында құқық органдарымен бірлесіп кездесу өткізу	Сәуір	Кездесу	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э.К. Сайдалина
11	Сыбайлас жемқорлықпен жұмыс» ҚР-сы Заңының орындалуына байланысты мектеп қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне деген ауызша және жазбаша шағымдарын қортындылау	Жыл бойы	Түсіндірме	Мектеп директоры Р.О.Капарова.
12	«Заңды білмеу жазадан босатпайды»	Сәуір	Дәріс сабақтар	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э.К. Сайдалина
13	Мектепті бітіргені туралы құжаттарды карап, тексеру	Маусым	Сараптама	Мектеп директоры Р.О.Капарова
14	Мектеп бітіруші түлектерге жұмыс туралы хабар беру	Маусым, шілде, тамыз	Ақпарат	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Рябова О.П.

**«№5 жалпы білім беретін мектебі»КММ
ұжымының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес
туралы өткен жиналысының
ХАТТАМАСЫ**

14.09.2021

**Қатысқандар - 37
Қатыспағандар-0**

Күн тәртібінде:

1. Сыбайлас жемқорлық болдырмаудың алдын алу жолдары
Аталған мәселе бойынша мектеп директоры Р.О.Капарова баяндама оқыды.

“Сыбайлас-жемқорлық” деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны “параға сатып алу”, “пара” ретінде, "conruptio" деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ "conruptio" түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда “сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу” деген түсінік берген де, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас-жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды. ҚР “Сыбайлас-жемқорлықпен күрес туралы” Заңы сыбайлас-жемқорлыққа келесідей анықтама береді. Ол: “...мемлекеттік міндеттерді орындайтын адамдар, сондай-ақ соларға теңелген адамдар, тікелей өзі немесе делдал арқылы өздерінің лауазымды құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүліктік пайда алу үшін заңмен қарастырылмаған мүліктік жайлылықты және артықшылықты қабылдау, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен аталмыш жайлылықты және артықшылықты оларға заңсыз беруге осы адамдарды парамен сатып алу”. Сыбайлас-жемқорлықпен күрестің негізгі қағидаларын сақтау және жүзеге асыру сыбайлас-жемқорлықпен күресте өте маңызды. Бұл қағиданың сақталуының кепілі азаматтардың өздерінің белсенділігі болып табылады, сыбайлас-жемқорлық үдерістерді бұқаралық ақпараттық құралда (одан әрі БАҚ) жариялау, бұқара өкілдерінің сот үдерістерінде болуы; өтініштерді прокуратураға, экономикалық және сыбайлас-жемқорлық қылмыспен күрес жөніндегі Агенттікке және басқа құқық қорғау органдарына беру.

Мектеп директоры педагог қызметкерлерін Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясымен таныстырды.Сыбайлас жемқорлықтың алғышарттары мен алдын алу шаралары бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Мемлекеттік бағдарламаға сәйкес, мемлекеттік органдар қабылдаған шешімдердің ақпараттық мөлдірлігін қамтамасыз ету, мемлекеттік басқару органдарының рұқсат ету және әкімшілік құзыреттерін оңтайландыру, сондай-ақ мемлекеттік сатып алудың электронды жүйесіне көшу негізінде

мемлекеттік сатып алу жүйесін реформалау. Бағдарламада ерекше көңіл азаматтық қоғам ұйымдарын сыбайлас-жемқорлыққа қарсы қызметке тартуға, құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті қалыптастыруға бөлінеді. Нормативтік құқықтық актілерді сыбайлас-жемқорлыққа қарсы сараптаудың пәрменді тетігін енгізу, бюджеттік қаражаттың жұмсалудың қоғамдық бақылау жүйесін құру, жеке рұқсат беру міндеттерін азаматтық қоғам институттарына беру, ақшалай қаражаттың қолма-қол айналымын мейлінше көбірек қысқарту бойынша шаралар енгізу, заңға қайшы жолмен ақшалай қаражатты заңдастыруға қарсы іс-әрекет жасау қарастырылған Заңға сәйкес аталған қағидаларға амыналар жатады: мемлекеттік функцияларды орындауға өкілетті; лауазымды, сондай-ақ олардың қатарына жататын басқа адамдардың құқықтарын және еркіндігін ҚР Конституциясының 39 бабы 1 тармағына сәйкес шектеу; жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас-жемқорлық құқық бұзушылықтың зиянды салдарын жою және алдын алу; сыбайлас-жемқорлық құқық бұзушылықпен күреске ықпал жасайтын азаматтардың жеке қауіпсіздігін; кәсіпкерлік қызметке бақылау жасайтын жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік реттеу өкілеттігін беруді болдырмау.

Сыбайлас-жемқорлық әсіресе мемлекеттік билік органдарында қауіпті. Мұндай жағдайда ол биліктің монополиясын, мемлекеттік қызметшілердің шешім қабылдау өкілеттігін күшейтеді және шенеуніктердің қатал құқықтық есеп беруін және бақылауда болуын жою симбиозын көрсетіп-білдіреді. Практика көрсеткендей, сыбайлас-жемқорлық мемлекеттік жүйенің барлығын бұзады, мемлекеттік билік беделінің және мемлекеттік қызмет абыройының құлдырауына ықпал етеді. Сыбайлас-жемқорлық экономиканың дамуына кедергі жасайды және ұйымдастырылған қылмыстың, әсіресе экономика саласында, өсуіне ықпал жасайды. Сыбайлас-жемқорлық құқық бұзушылықты анықтау, болдырмау, алдын алу және өз құзыреті шеңберінде оларды жасаған адамдарды жауапқа тарту прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, салық, кеден және шекара қызметі, қаржы және әскери полиция органдарымен жүзеге асырылады. Аталмыш органдардың лауазымды адамдары заңнама белгілеген мерзімде іс, материал, хаттама жіберген адамға немесе органға жазбаша сыбайлас-жемқорлық қылмыс, әкімшілік құқық бұзушылық туралы көрсетіп-білдіру жіберуге, оларды қарағанның нәтижелеру туралы хабарлауға тиіс.

Заңға сәйкес бұл органдар олардың құзырынан шығатын шаралар қабылдауға және жауапты мемлекеттік лауазымда отырған адамдардың жасаған сыбайлас-жемқорлық қылмысын анықтаған әр оқиға туралы құқық статистикасы және ақпарат органдарына дереу мәліметтер жіберуге міндетті. Оқырмандарымызды заңгер етуді мақсат етпей, дегенмен толық түсіну үшін қарапайым құқық бұзушылық пен сыбайлас-жемқорлық қылмыстың айырмашылығын түсіндірген пайдалы деп есептейміз. Оның үстіне кез-келген кәсіпкерде штаттық заңгер ұстауға және қорғаушының қызмет көрсетуін төлеуге мүмкіншілігі бар. Сыбайлас-жемқорлық кінәсі тағылған шенеулік қарсы іс-әрекет жасауы мүмкін, сондықтан өз заңдылығын

мойындату үшін заң жағынан нық болған дұрыс. Сонымен қатар, салық басқармасының ғимаратында, есептілік қабылдайтын Орталықта қызметкерлерге бақылау жасау үшін бейне жазбалар түсірілетін камералар және ұсыныстар мен шағымдарға арналған кітапшалар мен жәшіктер орналастырылған. Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттік құрылымдардың экономика аясында қылмысты құрылымдармен біте қайнасуы, сондай-ақ мемлекеттегі лауазымды адамдардың, қоғамдық және саяси қайраткерлердің сатылғыштығы, парақорлығы. Өзінің қызметтік мәртебесі мен өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де бейқызметтік мүдделер үшін пайдалану жолымен жеке игіліктерді алу әрекетінен көрініс табады. ҚР Қылмыстық кодексінің өкілеттіктерді теріс пайдалану (228-бап), коммерциялық сатып алу (231-бап), қызмет өкілеттігін теріс пайдалану (307-бап), билікті немесе қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану (308-бап), пара алу (311-бап), қылмыстық жалғандық жасау (314-бап) туралы лауазымдық қылмыс нормалары ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нормалары болып табылады. Қазақстанда сондай-ақ сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық, тәртіптік, әкімшілік жауапкершілікті реттейтін арнайы нормативтік-құқықтық актілер де қабылданды. Оларға “Мемлекеттік қызмет туралы” (1995) және “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы” (1998) ҚР заңдары жатады. Сонымен қатар осы саладағы ынтымақтастық туралы халықаралық актілер де бар.

1998 жылғы 2 шілдеде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды да, лексикалық қорымызға «сыбайлас жемқорлық» (коррупция) деген сөз тіркесі енді. Бұл қазір бұқаралық ақпарат құралдарынан түспейтін болды.

«Коррупцияның» латын сөзінен шыққанын белгілі. Ол лауазым иелерінің, қоғам және саяси қайраткерлердің параға сатылғыштығы деген мағынада санамызда көптен қалыптасқан.


Мектептегі 2021-2022 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша жыл бойы жүргізілетін жұмыс жоспарымен және «Сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды болдырмау» мақсатында бұйрық шығарып осы бұйрықпен мектеп қызметкерлерін таныстырды. Үнемі оқушы, ата-ана, педагог қызметкерлеріне арналған жалпы құқықтық білім берудің үздіксіз жұмысы жүргілетіні және мектептің төменгі бірінші қабатына «Сенім жәшігі» орналастырылғаны жайлы айтылды. Мектеп сайтына сыбайлас жемқорлыққа байланысты жеке парақша ашылғаны да хабарланды. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты жүргізілген іс-шаралар, хаттамалар осы сайтта жарияланып отырады деді. «Сыбайлас жемқорлықпен жұмыс» ҚР-сы Заңының орындалуына байланысты мектеп қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне деген ауызша және жазбаша шағымдары қорытындыланып отыратыны жайлы ескертілді. Мектеп басшысы «Жемқорлыққа қарсы күрес жан-жақты, үздіксіз, ашық әрі әділетті түрде жүргізілуі тиіс. Біз сонда ғана алға қойған биік мақсаттарға қол жеткізе аламыз. Сондықтан қоғамды жегідей жеп жатқан қауіпті індетпен көп болып күресуіміз қажет. Сондықтан мектебімізде әлі де сыбайлас жемқорлықпен

күрес бойынша жұмыс жоспар бойынша жалғасын таба бермек» деп бүгінгі өткен жиналысты қорытындылады.

Шешімі:

- 1.Мектеп ұжымы сыбайлас жемқорлық туралы заңды әрдайым ұстанып отырсын.
- 2.Ата-аналармен жемқорлық туралы түсіндірме жұмыстар жүргізілсін.

«№5 жалпы білім беретін

мектебі»КММ директоры :  Р.О.Капарова